

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ТҮЛКІБАС АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ МКК

ХАТТАМАСЫ № 2023/3

«25» сәуір 2023 ж.

Т.Рысқұлов ауылы.

Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мәжіліс залында: **Сыбайлас жемқорлық санатындағы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды болдырмауы мен алдын алу мақсатынды тиісті шаралар туралы** кезектен тыс жиналыс өткізілді.

Түлкібас аудандық орталық ауруханасының у.м.а. басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары А.Ж. Джантаев төрағалық етіп, басшысының орынбасарлары мен барлық бөлім меңгерушілері, аға дәрігерлермен дәрігерлер қатысып ақпараттық-түсіндіру шараларын өткізді.

КҮН ТӘРТІБІ:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және алдын алу мәселесі бойынша»

Түлкібас аудандық орталық ауруханасының заңгері кеңесші М.М. Дуйсенбаев өз сөзінде: Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Сыбайлас жемқорлық қоғамдық өмірдегі ең қауіпті факторлардың бірі болып табылады, ол мемлекеттің жалпы ұлттық қауіпсіздігінің жағдайына ғана емес, сонымен бірге оның барлық құрамдас бөліктеріне де зиянды әсер етеді. Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талан-тараж етіп, ысырап қылу, жер телімін заңсыз беру, дүние-мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни мемлекеттен жасырып қалу сияқты мемлекет қалтасына қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де баршылық. Қазіргі таңда қоғамымызға, қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын жасау және түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуге керек.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 1-бабының 6-тармақшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексте көзделген.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды, тергеп-тексеруді және алдын алуды және оларды жасауға кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өзі құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, әскери полиция органдары, экономикалық тергеп-тексеру қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған жағдайда азаматтар 1424 тегін call-орталығына қоңырау шалып, мемлекетке хабарлай алады. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін адам мемлекет қорғауында болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен ұсынылады. Көрсетілген ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпаратты хабарлаған адам заңға сәйкес жауапты болатыны туралы айтып өтті.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі — ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Қазақстан Республикасында азаматтық мемлекетті құру жолында әрбір азамат осы кеселге қарсы күрестегі өзінің ролін тұтастай мойындауы және бұл ұғымды жоюда мейлінше ат салысуы тиіс. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Әрбір қазақстандық, әрбір отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүкіл қоғамның ісі екенін түсіну керек.

Сонымен бірге «Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен бекітілген квазимемлекеттік сектор субектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережесі талқыланып кәсіпорынның бөлімшелеріне ақпараттық әдістемелік материалдар таратылды.

Түлкібас аудандық орталық ауруханасының у.м.а. басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары А.Ж. Джантаев өз сөзінде: Бүгінгі жиналысымыздың маңызды тақырыбының бірі «сыбайлас жемқорлықпен күрес» Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Өкінішке орай қазіргі таңда денсаулық сақтау салаларында сыбайлас жемқорлық фактілерінің күшейіп отқандығы жасырын емес. Бүгінгі таңда жемқорлық мәселесі тек Қазақстанда ғана емес, әлемнің басқа да елдері үшін аса өзекті мәселе болып табылады. Белгісі - ол қылмыс субъектілерінің өз қызмет бабын, құқықтық мәртебесін және қызмет мүддесіне қайшы әрі құқық пен ар-ожданнан қалыптасқан нормаларына қайшы орналасқан лауазымның беделін пайдалану жолымен істелінеді. «Сыбайлас жемқорлық ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіріп отырған қоғамымыздың ең басты қауіп – қатерлерінің бірі болып саналғандықтан, оның алдын алу, болдырмау мақсатында құқықтық мәдениетті

алыптастыруда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2015-2025 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасы» аясында мемлекеттік органдар және үкіметтік емес ұйымдармен бірлескен түрде «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» жобасы шеңберінде құқық бұзушылыққа төзбеушілік акциялары, дөңгелек үстелдер, рейдтер тұрақты түрде жүзеге асырылып отырады.

Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбі азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында тиісті шаралар қолданылатындығын ескертілді.

Мәжілістің төрағасы:

Хатшы: ТАОА заңгері кеңесші

А.Ж. Джантаев

М.М. Дуйсенбаев.